

«FIRST HEARTLAND SECURITIES» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

КЕЛІСІЛДІ

«First Heartland Securities» АҚ

Басқармасының шешімі

№211119 хаттама

«21» қараша 2019 ж.

БЕКІТІЛДІ

«First Heartland Securities» АҚ

Директорлар кеңесінің шешімі

№221119 хаттама

«22» қараша 2019 ж.



**ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ БИЛІК ЕТУ
ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША
ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ БАҚЫЛАУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ., 2019 ж.

*Құжат иесі: Бақылауды сақтау департаменті
Нұсқа: 2*

Анықтамалар:

Инсайдерлік ақпаратты билік ету және пайдалану бойынша «First Heartland Securities» АҚ ішкі бақылау ережелерінде қолданылатын терминдер (сөздер, сөйлемдер) (бұдан әрі - Ережелер).

Қоғам – «First Heartland Securities» Акционерлік Қоғамы;

Бақылауды сақтау департаменті (БСК) – Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша Қоғамның ішкі ережелері мен рәсімдерінің талаптарының, Қоғам қызметінің сәйкестігін ішкі бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;

Қаржылық есептілік депозитарийі (бұдан әрі - Депозитарий) - жылдық қаржылық есептілік және ұйымдар жыл сайын беріп отыратын аудиторлық есептер, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімі, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат қамтылатын, пайдаланушылар үшін ашық қолжетімді электрондық деректер базасы;

Инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

Инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;

Қоғамның интернет-ресурсы – www.fhs.kz;

Қор биржасы – (KASE) - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызы уәкілетті органға тиесілі, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге терминдер мен ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның өзге де ІНҚ-да бекітілген мағынада пайдаланылады.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ережелер «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы Ережелері мен шарттарына¹ сәйкес әзірлене отырып, Қоғам қызметіне қатысты жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Қоғамның инсайдерлік ақпараты

- 2.1. Қоғамның қызметіне қатысты ақпарат, егер бұл ақпарат қоғамның мүліктік және қаржылық жағдайы үшін салдарға байланысты Қоғам шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге қабілетті болса, оны ресми ашу (жариялау) сәтіне дейін инсайдерлік ақпаратқа қатысты болса, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайды.
- 2.2. Қоғамның қызметі туралы жалпыға қол жетімді ақпарат деп оған қол жеткізу үшін шектеулерді талап етпейтін және жоқ немесе заң актілеріне сәйкес ашуға жататын ақпарат түсініледі.
Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:
- 2.2.1. бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға бірдей қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған, инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған ақпарат;
- 2.2.2. бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
- 2.2.3. ақпарат көзі белгісіз, кең ауқымды тұлғалар арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.
- 2.3. Осы Ережелерді Қоғам мемлекеттік және орыс тілдерінде Депозитарийдің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының интернет-ресурсында (Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізімінде енгізілген және болған жағдайда), Қоғамның интернет ресурсында не осы Қоғамның инсайдерлері деп танылған тұлғалардың шолуы үшін қолжетімді жерде орналастырады, сондай-ақ Қоғам мүдделі тұлғалардың сұрауы бойынша, оларды дайындауға арналған шығын мөлшерінен аспайтын мөлшерде Ережелердің көшірмелерін ұсынғаны үшін төлемді қоспағанда, ақысыз беріледі.

3. Қоғамның инсайдерлері

- 3.1. **Инсайдерлер деп келесі тұлғалар танылады:**
- 3.1.1. өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қоғам қызметкерлері;
- 3.1.2. эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар;
- 3.1.3. аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес эмитентке қызметтер көрсететін басқа да адамдар;
- 3.1.4. эмитент шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдар) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

¹ Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 124 Қаулысы

- 3.1.5. сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздарымен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесі мен листинг комиссиясының мүшелері;
- 3.1.6. өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;
- 3.1.7. мүшелері эмитенттер болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар және осы тармақтың 3.1.2, 3.1.3. және 3.1.4. тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;
- 3.1.8. осы тармақтың 3.1.2.-3.1.4, 3.1.7-тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлері;
- 3.1.9. инсайдерлік ақпаратты осы тармақтың 3.1.1-3.1.8-тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.
- 3.2. **3.1.1. тармағында көрсетілген Қоғамның инсайдерлері:**
 - 3.2.1. БСД сұранысы бойынша, Заң талаптарына сәйкес айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәміле болып танымау үшін, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларында ашқан шоттары және қаржы құралдары туралы мәліметтерді беруге міндетті.
- 3.3. **Инсайдерлер мыналарға құқысыз:**
 - 3.3.1. бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде, сондай-ақ олардың Қоғамдағы кәсіби қызметімен байланысты емес мақсаттарда инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
 - 3.3.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 3.3.3. Қоғамның инсайдерлік ақпаратын өзінің жеке мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануға;
 - 3.3.4. бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Қоғамның Қоғам немесе бағалы қағаздарының болашақ құны туралы нарықтың пікіріне ықпал ету мақсатында Қоғам туралы жалған мәліметтерді таратуға;
 - 3.3.5. бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау мақсатында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;
 - 3.3.6. бағалы қағаздар рыногындағы олардың мінез-құлқын өзгерту мақсатында бағалы қағаздар рыногының басқа субъектілеріне кез келген нысанда ықпал етуге.
- 3.4. **Инсайдерлерге тыйым салынады:**
 - 3.4.1. бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
 - 3.4.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 3.4.3. инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге.
- 3.5. Бақылауды сақтау департаменті осы Ережелерге *1-қосымшада* белгіленген нысан бойынша инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың тізімі тұрақты түрде (жарты жылда кемінде бір рет) жүргізіледі және жаңартылады. Көрсетілген тізімді Қоғам Басқармасы бекітуге тиіс.
- 3.6. Бақылауды сақтау департаменті инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың тізімі (бұдан әрі – Инсайдерлер тізімі) бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тізімде көрсетілген тұлғаларға оларды инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың тізбесіне енгізу туралы, сондай-ақ оларды тізімнен алып тастау жағдайында оларды тізбеден алып тастау туралы хабарлайды. Барлық хабарламалар мен мәлімдемелер жазбаша түрде ресімделуі және электрондық пошта немесе тапсырыс хатпен жіберілуі немесе қолма-қол немесе факс арқылы тапсырылуы тиіс.
- 3.7. Қоғамның инсайдерлерінің тізімін Қоғам уәкілетті органға оның жазбаша талабы бойынша, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар туралы ақпаратты көрсете отырып, төмендегілер туралы қоса алғанда, талапта көрсетілген мерзімде ұсынады:
 - 3.7.1. жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күнін;

- 3.7.2. заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелерін;
 - 3.7.3. инсайдерлер тізіміне енгізу негізінде;
 - 3.7.4. инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күнін;
 - 3.7.5. инсайдерлер тізімінен шығару күнін.
- 3.8. 3.1-тармақтың 3.1.3-тармақшасында көрсетілген тұлғалар туралы мәліметтер бар Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды Қоғамның Инсайдерлер тізіміне енгізу негізі пайда болған күннен бастап олар туралы ақпаратты БСД-не ұсынады.
- 3.9. Қоғамның инсайдерлік ақпаратын заңсыз жария еткені және пайдаланғаны үшін инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ Қоғам жасасатын шарттар мен келісімдердің талаптарына сәйкес жауапты болады.

4. Инсайдерлік ақпаратты жария ету

- 4.1. ҚР бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат осындай өзгерістер туындаған күннен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Депозитарийдің және Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.
- 4.2. Заңның 102-бабының 2-тармағына сәйкес Қоғам ашуға жататын ақпараттар мен құжаттар тізбесіне кірмейтін Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат Депозитарийдің интернет-ресурсында орналастырылады немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен оған қатысты оны ашу тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген ақпаратқа қатысты емес, осы Ережелердің 4.3 және 4.4. т. сәйкес ашылады.
- 4.3. Инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімдері, оған қатысты ҚР заңнамалық актілерімен немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерімен белгіленбеген жағдайда, оқиға туындаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды.
- 4.4. Инсайдерлік ақпаратты ашу оны Қоғамның интернет-ресурсында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 4.5. Инсайдерлік ақпарат оны осы Ережелермен белгіленген бірнеше бұқаралық ақпарат құралында орналастыру (жариялау) жолымен жария етілген кезде, инсайдерлік ақпараттың жария етілу күні болып инсайдерлік ақпарат бұқаралық ақпарат құралында алғаш орналастырылған (жарияланған) күн саналады.
- 4.6. Қоғам осы Ережемен танысуға, оларды дайындауға арналған шығыстар шамасынан аспайтын мөлшерде Ережелердің көшірмесін бергені үшін ақы төлеуді қоспағанда, ақысыз еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
- 4.7. Инсайдерлердің ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау мақсатында Қоғамның лауазымды тұлғалары, Қоғам басшылығы ақпаратқа қол жеткізуді ішкі бақылауға жауапты. Ақпаратқа қол жеткізуді бақылау ақпарат беруді сұрайтын адамның өкілеттігіне сәйкес іске асырылады. Қоғамның инсайдерлік ақпараты ресми ашылғанға дейін инсайдерлер осындай ақпаратқа қатысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құпиялылық режимін сақтауға міндетті.
- 4.8. Уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамның инсайдерлік ақпаратын беру туралы ресми жазбаша сұрау салу түскен жағдайда, Қоғам инсайдерлік ақпаратты ашу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және қолданыстағы Ережелердің талаптарын басшылыққа алады.
- 4.9. Инсайдерлік ақпараттың жекелеген түрлері үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жариялаудың арнайы тәртібі мен нысандарын белгілемеген жағдайда, мұндай ақпаратты ресми ашу Қоғам белгілеген тәртіппен және нысандарда жүзеге асырылады.
- 4.10. Қоғамның бағалы қағаздарын (туынды қаржы құралдарын) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізген кезде Қоғам және Қоғамның инсайдерлері деп танылатын тұлғалар қоғам және олар шығарған (берілген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді, оны ашу қор биржасының ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін олардың құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер етеді.

- 4.11. Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйесінде айналыста болған кезде тұлғалардың кең шеңберінің арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды болжайтын хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының мекен-жайына жіберіледі, одан кейін осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде Қоғамның интернет-ресурсында жарияланады.
- 4.12. Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде бір мезгілде айналыста болған кезде тұлғалардың кең шеңберінің арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды болжайтын хабарлар тізімдеріне Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде Қоғамның интернет-ресурсында жарияланады.

5. Қоғамға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері

- 5.1. Қоғам осы Ережелердің 3.1.-тармағының 3.1.2, 3.1.3., 3.1.4. және 3.1.7-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға, сондай ақпарат беру мерзімін көрсете отырып, өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу мүмкіндігіне ие олардың жұмыскерлері туралы ақпарат беру туралы сұрау жолдауға құқылы.
- 5.2. Қоғам, осы Ережелердің 3.1-тармағының 3.1.2, 3.1.3., 3.1.4. және 3.1.7-тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен шарт жасасу кезінде, сондай ақпарат беру мерзімін көрсете отырып, өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу мүмкіндігіне ие олардың жұмыскерлері туралы ақпарат беру шарттарын көздеуге құқылы.
- 5.3. Қоғам төмендегі ақпаратты қоса алғанда, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу мүмкіндігіне ие тұлғалар туралы ақпаратты сұратуға құқылы:
 - 5.3.1. жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), оның туған күні, атқаратын лауазымы;
 - 5.3.2. заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның тіркелгенін (қайта тіркелгенінен) растайтын құжаттың деректемелері;
 - 5.3.3. инсайдерлер тізіміне енгізу негізі;
 - 5.3.4. инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні;
 - 5.3.5. инсайдерлер тізімінен шығарылу күні.

6. Үшінші тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Қоғам қызметкерлерінің тізімін жүргізу

- 6.1. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Қоғам оларға қатысты инсайдер деп танылған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлердің тізімін жүргізуге міндетті:
 - эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) билік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлға;
 - жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес эмитент қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы ретінде, оның талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген.
- 6.2. Қоғамның сату, корпоративтік қаржыландыру, инвестициялық консалтинг, сауда операцияларын жүргізу және есепке алу мәселелерін реттейтін бөлімшелерінің басшылары Қоғамның штат кестесіне сәйкес, өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның клиенттерінің, ірі акционері/қатысушысы болып табылатын компанияларының инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлерінің тізімін эмитенттің және/немесе клиенттің жазбаша сұрау салуы негізінде осындай сұрауда белгіленген мерзімнен кешіктірмей және Қоғамның тиісті бөлімшелерінің келісуімен ұсынуға міндетті.
- 6.3. Қоғамның сату, корпоративтік қаржыландыру, инвестициялық консалтинг, сауда операцияларын жүргізу және есепке алу мәселелерін реттейтін бөлімшелерінің басшылары

осы Ереженің 6.2 тармағында көрсетілген тізімге енгізілген қызметкерлерді инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы және Қоғам қызметкерлері өздеріне қатысты инсайдерлер деп танылған тұлғаларды ішкі бақылау ережелерінің нормалары туралы хабардар етуге міндетті.

7. Жауапкершілік

- 7.1. БСД осы Ережелердің талаптарына сәйкес, сондай-ақ Ереже ережелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болады.
- 7.2. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ олардың осы Ережелердің талаптарын іске асыру процесіне қатысатын басшылары өздеріне жүктелген міндеттерді сақтауға жауапты.
- 7.3. Осы Ереженің 3.8-тармағының талаптарын сақтау үшін жауапкершілік Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалармен шарт жасасуға бастамашылық жасайтын Қоғамның бөлімшелерінің тікелей басшыларына жүктеледі.
- 7.4. Осы Ережемен танысқан Қоғамның инсайдерлері осы Ережені бұзғаны үшін және бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау мақсатында, оның ішінде Қоғамның Инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып мәмілелер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе аумағында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле жасалған елдің заңнамасында көзделген жеке жауапкершілікте болады деп келіседі.

8. Қорытынды ережелер

- 8.1. Инсайдерлік ақпаратқа қатысты осы Ережеде айтылмаған жағдайлар ҚР қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ҚР заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін дәрежеде реттеуге жатады.
- 8.2. Осы Ережелер Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді және жаңа құжатқа ауыстырылғанға дейін мерзімсіз әрекет етеді. Ереже жаңа редакцияда бекітілген күннен бастап, бұрын қолданыста болған редакциясы күшін жояды.
- 8.3. Осы Ережеге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
- 8.4. Осы Ережені өзгерту үшін негіздер ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер танылады. Ереженің жекелеген ережелерінің ҚР заңнамасына қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда Ереженің мұндай ережелері күшін жояды және Қоғам қызметкерлері осы Ережеге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін өз қызметінде ҚР заңнамасын басшылыққа алады.